

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

тәрбиені әдебиетіне сеніп тапсырған ата-бабаларымыздың қалдырған мұрасы мол. Халық ауыз әдебиеті, ежелгі дәуір әдебиеті, жыраулық кезең әдебиеті, зар заман әдебиеті, кеңес дәуіріндегі әдебиет, тәуелсіздік жылдарындағы әдебиет, қай кезеңдегі әдебиет өкілін оның шығармашылығын алып қарасақ та өмірлік берер мәні бар дүниені, тәрбиеге толы үлкен насихатты ілімді байқауға болады. Ұрпақ дәл осы ілімді меңгеріп өсуге тиісті. Сол себепті, жоғарыда аталып өтілген мәселелердің бір шешімі, бір түйіні тарқатылуы керек. Әдебиетті оқытудағы бұл проблемалық көзқарас тек қана біздің елімізде ғана емес, өзге де көршілес түркі мемлекеттері арасында да орын алып отырғанын байқауға болады. Демек түркі жұртына ортақ бұл мәселеге бірігіп талқылау ұйымдастырылып, жаңа идеялар мен шешімдер шығарылса нұр үстіне нұр болмақ.

Қорытындылай келе, біздің ұрпағымызға берілетін тәлім-тәрбиенің басты кілті – әдебиетімізді сараптап сапалы түрде беру, оқулықтардағы олқылықтарды жөндеу, оқушылардың пәнге деген қызығушылығын арттыруға күш салу біздің алдымызда тұрған үлкен міндет. Әдебиетті оқу және талдай тану нәтижесінде келесі шешуші біліктіліктер: әдеби-теориялық, әдеби-тарихи біліктілік, әдеби-шығармашылық біліктіліктер жүзеге асырылып, қазақ әдебиеті пәнінің әлеуеті тереңдей түсуі тиіс.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан республикасының Білім туралы Заңы. Алматы, 1999.
2. Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ғылым, 1991.- 280 б.
3. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
4. Әдебиеттану терминдерінің сөздігі. Құраст. З.Ахметов, Т.Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 240 б.

ӘОЖ 12.17

ДӘУЛЕТКЕРЕЙ КӘПҰЛЫ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АЛТАЙ» ҰҒЫМЫНЫҢ СИПАТЫ

Жәлелова Меруерт Серікқызы

miko.tb@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ филология факультеті әдебиеттану мамандығының Ікурс докторанты, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., проф. А.Д. Әлтай

Түркі халықтарының мифологиясында жаратылыстың тылысым құбылыстарымен негізделген ұғымдар кездеседі. Сондай дүниетанымның бірі түркі халықтарының жер бесігі санадатын – Алтай тауы. Сөз өнерінде Алтай тауы көркем бейнеге айналған. Қазақ қаламгерлерінің тақырыптарына арқау болған. Тіршіліктің қайнар бастауы – Алтай тауымен тығыз байланысты. Өр Алтай, Таулы Алтай, Кеңді Алтай, Моңғол Алтай атты атаулар: Қазақстан, Ресей, Қытай, Моңғолия сынды елдерді байланыстырып жатыр. Алтай тауын мекендеп жатқан халық – түркі халқының балалары. Алтай тауы да қилы кезеңдерді басынан өткерді. Алтай атауының шығу тарихы көне түркі жазба ескерткіштерінде, қытай жылнамаларында, ежелгі грек жазбаларында жазылған. Атап айтсақ, Ибн Калдун, Марко Поло, Плано Карпини, Гильом де Рубрук сынды әлемді аралаған саяхатшылардың жазбаларында «Алтынтағ», «Алтын йыш», «Алтынды», «Төлес», «Цзиньшан» атауларында аталып, бізге жеткен нұсқаларында осы атауда ұшырасады [1, 35].

Түріктердің наным-сенімінде таулар қасиетті орын саналған. Аспан мен жерді жалғап, барлық қозғалысты реттеп тұратын Тәңірдің тұрағы ретінде есептелінген [2, 63]. Түріктануға қатысты еңбектерде ислам дінін қабылдағанға дейін тау культін кие тұтып, қасиетті мән санағандарын байқаймыз [[3, 27]. Тәңірге арнап бағышталатын құрбандық шалу рәсімдері де тау шыңдарында орналасқан.

Алтай тауы – түркі халқының алтын бесігі екендігінің бір дәлелі аңыздарда жатыр. Аю батыр мен Айсұлу арудан түрік баласы тарап, Алтай тауын мекен еткен деген аңыз іспетті мифтік сипатта келетін оқиға оқырманға таныс. Аңызға сүйенсек ертеде Алтай тауын мекендеген бір қауым болыпты. Күндердің бір күнінде қыстың аязы қатты болып, сондағы мекен еткен ел қырылыпты. Аю терісін жамылып, үңгірде өмір сүретін Аю батыр ғана аман қалыпты. Аңшылықпен күн көрген Аю батыр бір топ бөрілердің бір қыздың денесін қар астынан сүйрелеп жатқанын байқайды. Дала тағысының азуынан қызды құтқарып алады. Бірақ, бөрілер қызды жазым етпепті, денесінің ешқандай бөлігіне тіс батырмапты. Үңгірде үнсіз жатқан Айсұлу мен шарасыз Аю батырға аспаннан екі құс ұшып келеді. Аңызда бірі – Ұмай, бірі – Құмай деп аталады. Жерге таяп, ақ және қызыл тасты Аю батырға береді. Екі тасты бір-біріне соққылағанда от пайда болады. Екінші құс Ұмай анаға айналады. Айсұлу киналғанда көмектесіп, жәрдем береді. Аю батыр мен Айсұлудан түркі халқы солай тарайды деген аңыз бар. Киілі мекендерді Алтайды пана тұтты дейді. Бұл жердегі «от», «Ұмай», «Алтай» ұғымдары түркі халқының қасиетті де киелі мәніне айналған [4, 24].

Қазақ әдебиеттануында «Алтай» ұғымын қаламгерлер қаламдарына негіз етті. Қалихан Ысқақ, Оралхан Бөкей, Әлібек Асқаров, Асқар Алтай, Дәулеткерей Кәпұлы сынды қаламгерлердің туындыларында Алтай тауы өзгеше сипатта сөзбен суреттелді. Қазақ поэзиясының дауылпазы Мағжан ақын «Қорқыт» поэмасының басын былай бастайды.

Алтайға жер жүзінде тау жоқ жеткен,
Алтайға бетегедей алтын біткен.
Бейіштей алтын Алтай етегінде
Ертеде алаш елі мекен еткен [5, 248].

Алтай тауы, туған өлке, атамекен жайында сөз қозғалғанда қазіргі қазақ поэзиясының дамуына елеулі үлес қосқан, өлеңдерінде байырғы ақын-жырауларымыздың желісі байқалатын дауылпаз ақын және әдебиетші – Дәулеткерей Кәпұлының өлеңдерінің де мәні тереңде. Ақын ұлттық құндылықтарды айғақтайтын, дәстүр жаңашылдығын танытатын, қазіргі қоғамда маңызын жоймайтын тақырыптарды қозғады. Моңғолияның Баян-Өлгей аймағында дүниеге келіп, қазақтың кең даласының рухы мен табиғат сұлулығын сезінді.

Дәулеткерей Кәпұлы үшін «Алтай» ұғымы тек сипаттама мағынада емес, ұлттық болмысты, халықтың мәдениеті мен рухын түсінудің кілті болып табылады. Атамекен, тұрағына деген тағзымы іспетті көрініс табады.

Алтай астым, Алатауда түледім,
Сарыарқаға салдым жырдың түренін.
Таң асырып, тамшы терін тұндырдым,

Күн қақтырмай күлік ойдың күреңін, - деп өзінің өскен ортасын, туған жерін тілге тиек етті [6, 68]. Ақынның жүріп өткен өмірі қысқа өлең жолдарына еркін сиып тұр. Бұл шабыт иесінің өлең жазудағы шеберлігінің көрінісі. Өлеңде ақын сөз қолданысындағы «күлік ойдың күреңі» деп тұрғаны жүйрік, шапшаң, озық ойдың жетегіндегі құлшынысты айтып тұрғаны. «Күлік» сөзі қазіргі сөз қолданысында жиі кездесе бермейді, оған мағыналас жылқы малының бейнесіне, шабысына қарай «сәйгүлік», «жүйрік» деп қолданып жатамыз. Яғни ақынның қозғап отырғаны адам ойы да бірде шапшаң, бірде баяу тартатын жылқы тәрізді екендігін көрсетіп тұр.

Ақынның өлеңдеріндегі әр сурет, әр сөз туған жеріне, халқының даналығы мен дәстүрлеріне деген терең құрмет пен сүйіспеншілікке толы. Қазақы ортада тәрбие көріп, ауыл өмірінің тынысына қанығып өскен ақынның әкесі атбегі болған. Оған ақынның «Тамырында қаны ойнаған арқардың» деп аталынатын өлеңі дәлел:

Алтайдан күн көтерілді,
Ақ бесік –нұр мекенімізді еске сап.
Аманат қылдым кімге төрімді?
Қайқы бас ер мен бірге тебіңгі,
Есіме түсті-ау, ескі ошақ,
Менің айбалта төзімді төске сап! [6, 63].

Ақын үшін туған өлкесі қазақ халқының ежелгі салт-дәстүрлері сақталатын орынға айналады. Оның өлеңдерінде табиғатпен үйлесімділік естіледі, ол көркем пейзаждардың, құнарлы өрістердің, биік таулар мен шексіз далалардың сипаттамаларын енгізді. Ақын табиғаттың таңғажайып сұлулығын, таулар мен даланың ұлылығын ғана емес, сонымен бірге ауыл өмірімен қатар жүретін күнделікті қиындықтар мен қуаныштарды сипаттайды. Оның өлеңдері табиғатпен және оның циклдарымен тікелей байланысты егістіктер мен қораларда жұмыс істейтін ауыл шаруашылығы жұмысшыларының бейнелерін қайта жасайды. Ақын таңертеңгі таңның атмосферасын шебер суреттейді, Алтайдан көтерілген таңғы күннің шуағын көкжиекпен ұштастырады. Адам мен табиғат арасындағы нәзік үйлесімділік, олардың біздің өміріміз бен тағдырымызды анықтайтын өзара әсері мен өзара әрекеттесуі байқалады. Ақын табиғаттың сұлулығын ғана емес, оның әр адам үшін символдық мағынасын жеткізуге тырысады. Оның өлеңдерінде өмір мен өсуді бейнелейтін ағаштардың бейнелері, өмір мен құнарлылықты әкелетін сулар және еркіндік пен шексіздіктің символы болып табылатын аспан бейнеленген. Ол табиғаттың әрбір элементінің адам өміріндегі өзіндік мәні мен маңызы бар екенін және оны болашақ ұрпақ үшін қалай құрметтеп, қорғауымыз керектігін көрсетеді.

Дәулеткерей Кәпұлы поэзиясының мәні мен мағынасын «Алтай» тақырыбы кеңінен ашады. Алтайдың кербез, маңғаз табиғатын тылсымға толы құбылыстарын кешегі жыраулар мен сал-серілердің тілінде бүгінгі күнге жеткізеді. Ақынның аталмыш осы тақырыптағы өлеңдерінде азаттық пен еркіндік, бостандық пен түрік баласына сай ержүректік қатар бейнеленеді. Ақын, «Алтай» ұғымы түркі оның қазақ халқы үшін киелі екендігін ерте сезінеді. Себебі өзінің де кіндік қаны, туған жері Алтай тауымен байланысып жатыр. Ақын кейде тауды адам бейнесінде суреттесе, енді бірде ақын мінезін таумен байланыстырады. Туған елге деген сағыныш та, таза махаббат та, өткенге деген аңсау да осы өлеңдерде жатыр. Ақынның «Мен – Алтайда туған албөрі», «Біз Алтайға барғанда», «Алтайдан күн көтерілді», «Алтай астым, Алатауда түледім», - деп алатын өлеңдерінің негізгі мәні Алтайға деген аңсар, сағынышпен сабақтасады. Дәулеткерей Кәпұлы өлеңдерін оқығандар көне түркі, батырлар жыры, жыраулар, сал-серілер сарынына жолыққандай болады. Өлеңдерінде қазақы тірлік пен бүгінгі жаңарған заманның жоғалтып алған құндылықтары жатыр. Ақын «Мен – Алтайда туған албөрі» атты өлеңінде өзін Алтайдың албөрісіне теңейді.

Мен – Алтайда туған албөрі,
Қасат қар асап, шөл басқан.
Аласарғанда ала таң белі,
Табанымнан тарам-тарам жол қашқан [6, 3].

Алтайдың албөрісі қатып қалған қалың қар жауғанда шөлін сол қармен басып, тарам-тарам жолдарды табанымен ашып өмір сүрді. Ақын осы өлең арқылы атамекенді ұмытпауға, ұлықтауға шақырады. Қазақ халқының ұмытылып бара жатқан құндылықтарын қайта меңгеруге үндейді. Атажұртты Алтай деп, көкбөріні қазақпен байланыстыра суреттейді. Бүгінгі ұрпақты бөлтірік сөзімен алмастырады. Міне, жаңарған, жанданған қазақтың қараөлең үлгісіндегі поэзиясы. Осы өлеңде жоғарыдағы біздің айтқан сөзімізді қуаттайтын тармақтар кездеседі.

Аласапыран қарлы боранды,
Бөлтіріктерім, арманда немесе,
Қасқыр боп туып, қарға аунамасам
Суып кеткені қанымның! – деп толғанады [6, 3].

Дәулеткерей Кәпұлының осы өлеңінде «Тағы қып жаратқан тағдыр анамды» - деп келетін тармақ бар. Осы аталмыш тармақ мифтік сипатпен байланысып жатыр. Тауды – әке, мөлдір өзенді – ана санайтын түркі мифологиясы осы өлеңдегі ұтымдағы өлеңдермен толықтай жанасып жатыр. Ертедегі көне түркі жырларында:

Ол туған Алтай
Алты тарапты тау еді
Ақ Сүмер тау еді әкесі.
Алты тарапты

Ақ сүт көл оның анасы [7, 47].

Дәулеткерей Кәпұлының «Біз Алтайға барғанда» өлеңінде Күлтегін мен Тоныкөк заманына аңсар, сағынышы байқалады.

Біз Алтайға барғанда шілде басы – шіліңгір,
Басын иіп қарсы алды бұраң белді шырын гүл.
Күннің астын билеген Күлтегіннің күмбірін
Естігендей тулады жүрегімде құлын-жыр [6, 18].

Өткенге деген сағыныш, Алтайға деген махаббат осы өлең жолдарымен үндеседі. Біртоп аға-бауыр өнерлерін айта отырып Алтай табиғатымен ұштастырады.

Қорытындылай келе, Дәулеткерей Кәпұлы поэзиясындағы Алтай рухы, Алтай ұғымы ақынның әр поэзиясының мазмұны мен мәнінен айшықталып тұрады. «Алтай» концептісі қазақ әдебиеттануында зертталіп келе жатқан тақырып болғанымен поэзиядағы орны мен рөлі кеңінен талданған жоқ. Біз әдебиеттанудағы талдау, жинақтау, әдіс-тәсілдерін пайдалана отырып, Дәулеткерей Кәпұлының поэзиясындағы «Алтай» ұғымының қолданысын зерделеп, зерттеп көрдік. Поэзиядағы түркі баласының алтын бесігіне айналған Алтай тауы ұғымы әлі де өз жалғасын таба бермек.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Бияров Б. Қазақ тапонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
2. Асқаров Ә. Алтай. Алтын бесік, ата жұрт: Тарихи-танымдық тұрғыдағы саяхат (сафари) жазбалары /... – Астана: Фолиант, 2009. - 296 б.
3. Потапов Л.П. Шаманский бубен – уникальный памятник духовной культуры тюркских народов Алтая // Этнографическое обозрение. – 1997. – № 4. – С. 25-40.
4. Ыбыраев Ш. Қазақ халқының фольклоры туралы зерттеулер – Алматы : Баспалар үйі, 2009. - 500 б.
5. Жұмабаев М. Шығармалары. - Алматы: Жазушы, 2013.– 376 б.
6. Кәпұлы Д. Маралтамыр: өлең, толғаулар, поэма. Нұр-Сұлтан: Фолиант, 2021. – 160 б.
7. Маадай-Кара: Алтайский героический эпос / Поэтический перевод А. Плитченко. – Горно-Алтайск. – 1979. – 273 с.

ӘОЖ 17.2

КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ АВТОР МЕН БАЯНДАУ БІРЛІГІ

Жорашова Айжан Маратовна

ayzhan.zhorashova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ қазақ әдебиеті кафедрасының 1-курс докторанты

Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., проф. С. Айтуғанова

Баяндау, әңгімелеу өте ертеден келе жатқан айтылым дағдысы. «Биікте көк Тәңірі, Төменде қара жер жаралғанда, Екеуінің арасында адам баласы жаралған» деп ертеден шешендікті жанына серік етіп, көзсіз батырлықты келер ұрпағына насихат еткен түркі халықтарының бірі – қазақ халқы баяндау, әңгімелеуді жетік меңгеріп, сөз өнерін бойына сіңірген жасампаз халық.

Айналадағы әсемдікті сезініп суреттеу, бір нәрсенің жайын сипаттау, болған оқиғаға қатысты өз пікірін пайымдау, басынан өткен қызықты оқиғаны әңгімелеу, жол жүріп көрген, білгенін баяндау мұның барлығын күнделікті тіршілікте кез-келген адам жасай алады. Себебі адам бойындағы бес сезім мүшесінің жәй күйін тек тіл ғана жеткізе алады. Тіл – ойдың